

**"Отын сатып алуға әлеуметтік көмек көрсету бойынша Нұсқауды бекіту туралы"  
2009 жылғы 24 желтоқсандағы № 20/7-IV шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

***Күшін жойған***

Шығыс Қазақстан облысы Глубокое аудандық мәслихатының 2011 жылғы 22 маусымдағы N 30/7-IV шешімі. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Глубокое аудандық Әділет басқармасында 2011 жылғы 01 тамызда N 5-9-153 тіркелді. Күші жойылды - Глубокое аудандық мәслихатының 2012 жылғы 27 маусымдағы N 6/5-V шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Глубокое аудандық мәслихатының 2012.06.27 N 6/5 -V шешімімен.**

**Р Қ А О е с к е р т п е с і .**

**Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.**

Ауылдық елді мекендерде жұмыс істейтін және тұратын жеке санаттардағы мамандарға әлеуметтік көмектерді жақсарту мақсатында «Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» 2005 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 18 бабының 5 тармағын, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 6 бабын басшылыққа алып, Глубокое аудандық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. «Отын сатып алуға әлеуметтік көмек көрсету бойынша Нұсқауды бекіту туралы» 2009 жылғы 24 желтоқсандағы № 20/7-IV шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 5-9-121 болып тіркелген, 2010 жылғы 29 қаңтардағы № 5 «Ақ бұлақ» және 2010 жылғы 29 қаңтардағы № 5 «Огни Прииртышья» газеттерінде жарияланған) келесі өзгерістер енгізілсін:

осы шешіммен бекітілген отын сатып алуға әлеуметтік көмек көрсету  
б о й ы н ш а Н ұ с қ а у д а :

2 тармақтың екінші абзацы келесі мазмұнда жазылсын:

«Әлеуметтік қамтамасыз ету, білім беру, мәдениет және спорттың мемлекеттік ұйымдарының мамандарына біржолғы әлеуметтік көмек жыл сайын 7200 (жеті мың екі жүз) теңге ақшалай төлем түрінде көрсетіледі.»;

3 тармақ келесі мазмұнда жазылсын:

«Негізсіз төленген әлеуметтік көмектің сомасы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес қайтарылады.».

2. Осы шешім бірінші ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен  
соң қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы*

*В. Сергиенко*

*мәслихатының хатшысы*

*Г л у б о к о е                      а у д а н д ы қ*  
*А. Брагинец*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК